

2. http://ru.encyclopedia.kz/index.php/Панкратова,_Анна_Михайловна
3. Бранденбергер Д.Л. Указ. работа. В кн.: Государство наций... – С. 346.
4. Шоинбаев Т., Айдарова, Якунин А. За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана. –// Правда, 26 декабря.
5. Бадя Л.В. Академик А.М.Панкратова - историк рабочего класса СССР. М., 1979.
6. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под редакцией М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой. – Алматы: КазОГИЗ, 1943. – 660 с.; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Второе издание, исправленное и дополненное. Т.1. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. –Алма-Ата: КазОГИЗ, 1949. Т.2.
7. <https://e-history.kz/ru/contents/view/368>
8. Дружинин М.Н. Воспоминания об А.М. Панкратовой // «Избранные труды. Кн. 4. Воспоминания, мысли, опыт историка». Интернет ресурс <http://rmebrk.kz>

ТОРҒАЙ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЭТНО-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ)

Сыздықова Асыл, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті
 Ғылыми жетекші: PhD докторы **Байдалы Рауан Жомартұлы**
 Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақстан – қазақ елінің ата – мекені. Өскен жері, өзен-көлі, тау мен тасы, ну орманы бірігіп бір тұтас мекенді құрайды. Осы мекенді келер ұрпаққа аманат етіп кеткен біздің ата-бабаларымыздың өткен өмірі, кешкен тіршілігі бізге аңыз әңгімелер мен жырлар арқылы жазылып қалған. Байтақ елдің кешегі жаугершілік замандардан аман-есен қалуы перзенттерінің даналары мен дараларының ерен еңбегі мен көрегенділігі мен білімділігінің арқасы. Атамекен ата-баба мекені қазақ тарихынан кішкентайда болса өзіндік орын алған қарт Торғай елінің тарихы тереңде жатыр. Торғай қаласы – ұлы даланың төсіне таққан алқасы, тарихтың алтын сандығы іспеттес. Онда халқымыздың сұлу тарихы сақтаулы. Бұл дала ықылым дәуір даласы қарт Торғай даласымен жалғасып жатыр. Осындай тарихы тереңде жатқан Торғай өңірінің тарихын зерттеуде қазақ зерттеушілерінің еңбегі зор. Солардың бірі сол өңірдің тумасы, ең алғаш «Бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық», - деп дала қоңырауын қаққан ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин [1, 32 б.].

Ол өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп этнографиялық очерктер жазуға арнады. 1870 жылы Ресейдің география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша ол «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазып тапсырды. Бұл еңбектер орыс қауымына қазақ қоғамының әр алуан тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы түсінік берген тұңғыш жазба еңбектер еді. Бұл зерттеу мақалалар оның қазақ өмірінде елеулі орын алатын салт-дәстүрлерді жетік білетін, сол ғұрыптардың елдің тұрмыс-тіршілігіне, діни салт-санасына қарым-қатынасын жете бағалайтын білімдар кісі екенін айқын танытады [2, 25 б.].

Торғай өңірінде мекендейтін ру-тайпалардың құрылымы мен олардың әр кезеңдегі мекені, қонысы, бөлісі туралы деректер М.С. Мұқановтың “Қазақ жерінің тарихы” еңбегінде кеңірек айтылады. Кейін Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров біріккен авторлығымен жарық көрген “Қазақ шежіресі хақында” еңбекте ішінара толықтырулар қамтылған. Онда Торғай облысы 1868 жылы «Уақытша далалық облыстарды басқару негізінде» құрылып, облыс құрамына Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай уездері кіргені жайында, сондай-ақ, облыстың негізгі тұрғындарын орта және кіші жүз қазақтары құрағаны,

орыстар мен өзге ұлттар да аздап кездесетіні жайында жазды. Әрбір уездге жеке тоқталып, олардың географиялық орналасуын, рулық құрамын, шаруашылығы жайында жазып қалдырды [3, 43 б.].

Дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер мәселесіне байланысты мақал-мәтелдері жайында «Торғай газетіне» жариялаған А. Байтұрсыновтың еңбегінің маңызы зор. Әсіресе, ол кісінің «Жоқтау» деп аталатын кітабында өзінің көзі тірісінде жарық көрген, сондай-ақ этнографиялық мұраларын ұдайы жинап, өндеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтауы» қазақ халқының сол кездегі дәстүрінен сыр шертеді. Сонымен қатар, елін «Оян, қазақ!» деп ұйқыдан оятқан М.Дулатұлы XIX ғасырдың басындағы Торғай өңірі қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыпы, шаруашылығы, жалпы сол кездегі тұрмысы, өмірі жайында көптеген мақалалар жазып қалдырды. Мысалы, «Әйел теңдігі» деп аталатын мақаласында қазақ халқындағы әйелдердің орыны, қалың мал алу, әмеңгерлік, балдыз алу, бел құда, әйелді сүймеген адамына еріксіз беру жайында әсерлі баяндалады. «Ел күйзелді» деп аталатын екінші бір мақаласында «Ырғыз уезінің қазақтары сарышұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүні өлген малдардың өлекесін қар астынан қазып алып жатыр» деп сол кездегі халықтың өмірі жайында этнографиялық очерктер жазып қалдырды [4, 284-290 б.].

Ежелден келе жатқан ата кәсіп, қоршаған орта, табиғат тағылымы, тұрмыс-тіршілік өзгешелігі қазақ халқының өзіндік тамаша әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін туғызады. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлерді, ырым-нанымдары қоғам сатыларынан өткен көне дәуірлердің куәсі ретінде адам санасында ежелден қалыптасып, халық санасында тұрақтанған. Патша өкіметі билік құрған жылдар ішінде орын алған әлеуметтік-экономикалық дамудағы түбегейлі өзгерістер ғылыми-атеистік көзқарастарды қалыптастырғанмен, діни сенімдер, ырымдар мен әдет-ғұрыптар халық арасында, әсіресе ауылдық жерлерде қолданылып келді.

Торғай облыстарын мекендейтін қазақтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өңір қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау, өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрі жайында Ыбырай Алтынсариннің зерттеу мақалаларында кездеседі. Айталық, қазақтардың құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркінде қазақтардың өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде, өздерінің достығын жегжат болып нығайтқысы келген адамдар, бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді. Бірақ бұл әдет қазіргі уақытта қалып барады, мұны көршілес халықтардың бірқатар ықпалының нәтижесінен деуге болар еді. Солай бола тұрса да, бұл әдет көп реттерде әлі күнге дейін бар [5, 135 б.].

Өлген адамды қазақтар әдетте үш-төрт сағаттан артық, ал көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамайды; сол сағатта өлген адамның үйіне төңіректегі ауылдың молдалары шақырылады, олар шақырысымен тез келіп жетеді. Шарифат бойынша, өлікті арулап жуып, жаназасын оқып көмгеннен кейін, оның көйлек-көншіктері және бақа киім-кешектері кедейлерге беріледі, содан кейін молдаларға садақа үлестіріледі, бұл садақа – ысқат деп аталады. Ысқат қазақтардың түсінігі бойынша, молдаларға, шарифат заңы арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнәсін сату деген сөз. Ысқат – өлген адамның тірі күнінде, балиғыға жеткен кезінен бастап, күніне бес рет оқылатын намаздың оқылмай қалған қазалары үшін және рамазан айын оразасыз өткізгені үшін құдай жолы садақа түрінде кедейлерге берілуге тиіс. Бірақ осы шарифат бойынша: «Өлген адамның күнәсін көтеру», яғни өлік басында – «көтердің бе?» - «көтердім» деп уәде беру міндеті, - молдаларға жүктелмеген. Мұндай сөздерді молдаларға қазақтардың өздері айтқызады. Шарифат бойынша өлген адамның тірі кезіндегі әрбір күніне 30 қадақ бидайдан, ал рамазан айының әрбір күніне 35 қадақ бидайдан, - небәрі 365 күнге – 277 пұт 20 қадақ бидай ысқат берілуі керек. Бұл бидай жергілікті баға бойынша ақшаға шағылады. Ақша малға аударылады, мал келіп молдаларға үлесітіріледі. Ал енді, бұл есеп бойынша, өлген адамның үйінен өте көп мал немесе ақша шығару керек болатын, оны төлеуге кей адамның бүкіл мал-мүлкі

жетпейтін болғандықтан, әдетте, молдалар, әйтеуір, қайткен күнде шарифат талабын сақтау үшін ысқатқа шығарылған малды аса қымбат бағалайды, мысалы 20 сомның жылқысын 100 сомға не онан да жоғары бағалайды, осы баға бойынша ысқат малын алады [6, 158 б.].

Бұл дәстүрді өңір тұрғындары былайша орындайды: өліктің бір жағында, басына таман, оның баласы не туысқаны отырады, ал екінші жағында, қолына құран алып молда отырады. Сонан, өлген адам, жоғарыда айтқанымыздай балиғыға жеткеннен бері неше жас жасаған болса, өлген адамның туысқаны молдаға құранды өлік үстінен сонша рет беріп: - «Әкемнің, ағамның не сондай бір туысқанымның күнәсын қабыл етесің бе?» - деген сұрақ қойып отырады. Молда, құранды ала беріп, - «қабыл еттім» деп жауап қайырып отырады. Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдерде қосылады; беттерін тырнап қан қылады, бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдына қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі. Оны жоқтау деп атайды. Жоқтаудың басын ұлттың көсемі, алаш азаматы Ахмет Байтұрсыновтың «23 Жоқтау» кітабында да кездеседі. Біздің басқа өңірге батысқа немесе шығысқа қарағанда бізде ерекшелік сол жоқтаған кезде әйел адамдардың жоқтауы. Жоқтаудың өзінің түр-түрі бар. Қайтқан кісінің анасының жоқтауы, жарының жоқтауы, қызының жоқтауы, келінінің жоқтауы. Сонымен бірге қара дауыс шығаратын болатын. Алдында қаралы үйге қара дауыс шықпай, жоқтау айтылмайды. Қара дауыстыда біздің елде сол аналарымыз әйел заты шығарады. Мысалы, айтып кететін болсақ, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында ер азаматтардың жоқтағандығы айтылады. Оңтүстік Жетісу өңірлерінде де қара дауысты ер адамдар тізіліп тұрып, ой бауырымдап жоқтайды, ал біздің елде әйел адамдар жоқтайды [7].

Торғай облыстарын мекендейтін қазақтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, өңір қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау, өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрі, жоқтау жосын-жоралғылары мен мал шаруашылығына қатысты ырым-тыйымдарын айтуға болады.

Торғай елі қазан төңкерісіне дейін негізіне мал шаруашылығымен айналысты. Егін тек қолайлы жерде, яғни, Қара торғай, 1-Наурызым, Сарықопа, Қарақоға болыстарында ғана егілді. Суландыруға мүмкіндігі жоқ жерлерге шығыр пайдаланып бидай мен тары егілді.

Торғай облысына орыс қарашекпенділері XIX ғасырдың аяғына жақын еркін ене бастады. Мысалы, 1882 жылғы мәлімет бойынша Ақтөбе бекінісінде 330, Қарабұтақ фортында 300, Ырғызда 831, Торғайда 501, барлығы 6403 ғана орыстар болса ол 1883 жылы 10084-ге, 1890 жылы 30751-ге жетті. Бұл жыл санап бірнеше есеге өсіп, ақырында 1901 жылы Торғай облысының генерал-губернаторы патша ағзамға былай деп хат жазуға мәжбүр болды: «Қоныс аударушылардың топырлап келуі күшейген сайын әкімшілікке көптеген қиындықтар мен қамқорлық жасауға әсер етіп қоймай ол қазақтар тарапынан наразылықтарды туғызуда. Қоныс аударушылардың өзбетімен келіп жерді иеленуі қазақтардың малының өрісін тарылтты. Жаңадан қоныс аударылып келгендер қазақтардың жерін басып алып, өздерінше жыртуда... Қоныс аударушылардың шамадан тыс лық толғандығының қауіптілігін айтпағанда Ақтөбе, Торғай, Ырғыз уездерінде тіпті жері бай Қостанай уезінде осы күнгі жағдайына азда болса қоныстанушылар тағы да қосылса онда мемлекет қоймасына орны толмас масыл болатындығына менің сенімім мол». Бірақ генерал-губернатордың сөзі не, өзі не болды. Әркімнің өз мүддесі өзіне жақын деп ойлаған Ішкі істер министрлігі қоныс аударушыларды қайта үсті-үстіне топылта бастады. Соның салдарынан Торғай облысының халқы 1885 жылмен салыстырғанда 1912 жылы 798737-ге жетті, екі еседен астам өсті. Мұның аяғы қазақтармен қарашекпенділер арасында қақтығыстарға әкеп соқты. Бұл жөнінде нақты дерек «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 15 ақпанындағы №104 санында М.Дулатов «Торғай жеріндегі хохолдардың шабындығына малы түсті деп Павел Маниулов деген Жармұхамед Текебай ұлын атып өлтіргендігі туралы» ашына жазды [8, 277 б.].

Торғай облысы халқының өмірі жыл сайын құлдырап бара жатқандығы жөнінде «Тургайская газета», «Тургайские областные ведомости», «Қазақ» басылымдары қатты

алаңдатушылық білдірді. Торғай түлегі Ахмет Байтұрсынов «... қазақтар жылма жыл кедейленіп, халық күш қуатынан айырылуда. Егіншілікті дамыту үшін олардың қаражаты жоқ. Егіншілікке қолайлы жерлерді тұрғындардың экономикалық және мүддесіне ешқандай көңіл бөлгілері де келмеді», - деп патша шенеуніктерінің қазақтарға қырын қараған көзқарасын әшкереледі.

1895 жылы «Тургайская газета» 3 санында «...Облыстық әкімдерге сенім жоқ. Олар өздерін тым еркін сезінеді»- деп жазған В.Наурызбаевтың пікірі көп нәрсені аңғартса керек. Міне осындай «әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқтығына» көзі жеткен отарлаушылар қазақтарға жауыздықтың алуан түрін көрсетті. Соның бірі қазақтың байрғы тіліне қысым жасап орыстандыру болды. Ресей Халық ағарту министрі, кейін Ішкі істер министрі болған граф Толстов қазақ тіліне орыс әліпбиін 1876 жылдан бастап енгізді. Екіншіден, 1914 жылғы 23 қаңтарда «Қазақ» газетінің N47 санында Досымжол Қылышбай қажының мына сөзін тілге тиек етсек те болады: «Өткен жылдарда Есіл деген судың бойындағы ата-бабаларымыздан бері мекен етіп отырған қыстаулық, жайлаулық, егіндік жерлерімізді мұжықтарға тартып алып берді. Өзімізді тақыр далаға айдап шыққаннан кейін ол жерде малымызға жаз жайлау, күз күздеу болмай, арық болып қыстан қырыла бастады. Екінші жағынан хохолдар жайылып жатқан малымызды өз жеріне айдап апарып, «жерімізге түсті, пәлендей ақша берсің, болмаса малыңды бермейміз» - деге соң, амалсыз өз малымызды өзіміз сатып алатын болдық. Оларға қарсы келуге біздің шамамыз келмейді, бірлі-жарымды хохолдан үрке қорқатын болдық. Оларға қарсы келуге қорқатын болдық. Мұңымызды шағатын кісі таба алмадық. Хохолдар бір ағайындарымыздың 3 адамын өлтіріп ақшасын алып кетті. Басымызға да, малымызға да осындай таршылық келді. Мінген ат, артқан түйе, айдаған қойымыздан айырылды... малымыздан айырылған соң ішуге ағымыз болмай, сатып алуға пұлымыз болмай, ашаршылыққа душар болдық» [9].

Халқының тағдыры таразыға түскен осындай ауыр күндерде Торғайдың топжарған текті түлегі Мыржақып Дулатов «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруана жараса, алаш», - деп жарияға жар салды. Халқының қайғысына қабырғасы қайысып, жоғын жоқтаушы болатындығына серт берді. Сүйтіп 1909 жылы «Оян, қазақ!» кітабын шығарып:

«Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты!» - деп зердесін оятуға ұран салды [10, 128 б.].

Қортындылайтын болсақ, Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде өңір қазақтарының этнографиялық болмыс-бітімін сипаттай отырып, ондағы ерекшеліктерін, басқалардан даралап тұрған айырмашылығы мен ұқсастығын айқындау үлкен рөл атқарады. Осылайша, берілген тарихи-географиялық аумақ мәдениеттің өзінше локальды типі екенін көрсетеді.

Дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрыптарына анализ жасай отырып, өзіндік ерекшелік пен қазақы бет-бейнесінің сақталуы анықталынды. Әсіресе, бала туу және оның әлеуметтену кезеңінде, той жасау, сондай-ақ, өлік жөнелту әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктерді айтуға болады. Осы тұрғыдан келгенде, Торғай өңірі қазақтарының қазақ руларының өзіндік ерекшелік пен қазақы бет-бейнесінің сақталуына, дамуына әсер етуші ішкі, сыртқы саяси-әлеуметтік, табиғи-биологиялық жағдайлар, ұлттық жан-күй, мәдени факторлар әсері үлкен міндет атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рсаев Т., Кенжалин Ж., Бекболатұлы Ж., Әнес Ғ. / Торғай елі энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2013. – 156 б.
2. Қалиев С, Ж.Базиллов. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ ағартушылары. – Алматы, 1993. – 60 б.
3. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 80 б.
4. Дулатұлы М. Шығармалары (Өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көсем-сөздер мен сын-зерттеу мақалалары). – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 400 б.

5. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. Т 1. – 240 б.
6. Алтынсарин Ы. Тандамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.
7. Байтұрсынұлы А. Жоктау. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы қор, 1993, - 96 б.
8. Дулатұлы М. Шығармалары (Өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көсем-сөздер мен сын-зерттеу мақалалары). – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 400 б.
9. Табыл Құлияс. Астана – Орынбор – Астана //kazgazeta.kz
10. Дулатұлы М. Шығармалары (Өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көсем-сөздер мен сын-зерттеу мақалалары). – Алматы: «Ана тілі», 2010. – 400 б.

КАЗАХСКАЯ ДИАСПОРА (ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ).

Тойганбаев Рустем, студент 4 курса специальности «История»

Научный руководитель: **Таскужина Айгуль Бахыткереевна**, к.и.н., профессор.

Костанайский государственный педагогический университет

им. У. Султангазина, г. Костанай.

После обретения независимости, Казахстан начал целенаправленное комплексное исследование истории формирования казахской диаспоры в мире. По данным Всемирной ассоциации казахов, международной негосударственной организации, более 5 млн. казахов по данным на 1993 год, проживает вне республики.

В современной политической науке понятие «диаспора» относится к одной из шести категорий этнической политики и характеризует «группу этнического меньшинства, переселившуюся, проживающую и действующую в принявшей ее стране, но имеющую сильные сентиментальные и материальные связи со страной происхождения». Казахская диаспора была создана миграциями на длинные расстояния, имевшими временную, затем перешедшую в постоянную продолжительность, с пересечением внешних границ, сначала, из Казахстана в Китай, Россию, государства Средней Азии, Афганистан и Иран, а затем далее по всему миру.

Изучение исторических и современных проблем Казахской диаспоры в мире и особенно СНГ представляется важным с точки зрения национальных, социально-политических, экономических и интеграционных интересов современного Казахстана. Казахи, живущие за рубежом, являются одним из объектов национальной политики Республики Казахстан [1].

Вопросами истории формирования казахской диаспоры на постсоветском просиранстве успешно занимались Бекмаханова Н.Е., Аманжолова Д.А., Кадырбаев С.Ш., Ахметова Ш.К. и др. Особый вклад в изучение казахской диаспоры внесла Г.М. Мендикулова, которая первая в Казахстане защитила диссертацию по истории зарубежных казахов, затронула и подробно осветила вопросы исторического процесса возникновения и формирования казахских диаспор и заложила основы казахстанской диаспорологии. В своем выступлении на международном симпозиуме «Казахская диаспора: проблемы и перспективы» она отметила: «Пришло время для создания отдельной отрасли в общественных науках Казахстана - диаспорологии, которая будет изучать исторические, демографические, культурно-бытовые вопросы развития диаспор». И нужно учитывать, что и в самом Казахстане, проживает 130 диаспор, чьи исторические и современные проблемы тоже требуют более глубоких исследований [2].

Казахская диаспора на протяжении всей своей истории имела насильственный или вынужденный характер миграций, вследствие политических и религиозных причин. Вынужденные миграции были обусловлены политическими притеснениями и трудностями социально-экономического характера на родине. На развитие и распространение казахской диаспоры в значительной мере повлияли многие исторические события [1]. История